



**«Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
халықаралық Қазақ-Түрік  
университеті»**



**ТАҚЫР  
ЫБЫ.**

*Халықтың табиғи қозғалысын талдау*



Орындаған: Дадаханов Н  
Қабылдаған: Есалиев Е  
ЖМ-320 топ



# ЖОСПАР

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
  - 2.1 Халық туылуы және өсуі.
  - 2.2 Өлім. Бала өлімі. Табиғи өсу.
  - 2.3 Халықтың табиғи өсуі.
  - 2.4 Неке, ажырасулар
- III. Қорытынды
- IV. Пайдалнылған әдебиеттер



# I. КІРІСПЕ

- Халық динамикасы механикалық және табиғи қозғалыс болып бөлінеді.
- Механикалық қозғалыс дегеніміз халықтың көші-қон үрдісі.
- Халықтың табиғи қозғалысы – бұл медициналық мекемелер мен азаматтық жай-күй актілерін тіркеу органдарында тіркелетін туу, өлім, халықтың табиғи өсуі, бала өлімі, неке, ажырасулар туралы мәліметтер, алдағы өмірдің орташа ұзақтығы секілді демографиялық құбылыстардың бірлігі. Халықтың табиғи қозғалыс статистикасы арнайы құжаттар бойынша туу, өлім, неке және ажырасудың міндетті тіркелуіне (туу туралы анықтама, қайтыс болғандығы туралы куәлік, жазбалар туралы актілер) негізделеді



- 3.Халық туылуы және өсуі.
- Туылу – бұл негізінде биологиялық факторлар, яғни ағзаның ұрпақ әкелуге қабілеті жатқан әлеуметтік-биологиялық категориясы. Алайда көп жағдайда туылу әлеуметтік-экономикалық себептерге де негізделеді. Туылу үрдіс интенсивтілігін анықтау үшін статикалық коэффициенттер қолданылады: жалпы және арнайы.
- Біріншіден, бұл жалпы туылу көрсеткіші. Туылу – бұл жылына шаққанда 1000 адамға тірі туылғандар саны.



- Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігінің төрағасы Әлихан Смайылов мемлекеттегі соңғы демографиялық ахуалға байланысты брифинг өткізді. Демографиялық саладағы соңғы көрсеткіштерді жағымды деп айтуға болады. Агенттік төрағасының берген мәліметтері бойынша жыл басынан бері Қазақстанның халық саны 42 мың адамға өсіп, 2013 жылдың 1 наурызына 16 млн. 953 мың адамға жетті. Осы жылдың алғашқы екі айында 66,4 мың сәби дүниеге келді. Бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 0,8 пайызға артық.



- Туылудың тереңдетілген сипаттамасы үшін жалпы және жас бойынша жемістілік көрсеткіштерін білу қажет. Фертильділік көрсеткіші 1000-ға көбейтілген бала туу жасындағы (15-49жас) әйелдер санына тірі туылатындар санының қатынасымен анықтайды.
- Туу көрсеткіші: Бір жыл ішінде туғандар с.1000
- Бір жыл дағы халықтың орта с



## ХАЛЫҚ ӨЛУІ

- Туылу және өлу үрдістерінің арасындаға өзара қатынас халық өсу үрдісін қамтамасыз етеді. Өлімнің жалпы сипаттамасын жалпы өлім коэффициенті береді. 1000 халыққа шаққанда бір жылда қайтыс болғандар саны. Бұл коэффициент халықтың жас құрамына тәуелді. Бұдан да нақтырағы жеке топтар бойынша өлім көрсеткіштері болып табылады: жынысы және жасы бойынша (өлімнің жас-жыныстық көрсеткіштері).



□ Өлім көрсеткіші: Бір жыл ішінде Өлгендер с.1000  
Бір жыл дағы халықтың орта с





- Жеке себептер бойынша өлім динамикасы: улану жарақаттану бақытсыз жағдайларынан, ас қорыту, туберкулез, дем алу мүшелерінің ауруларынан, туа біткен аурулар, жаңадан құрылғандардан өлімнің ұлғаюы. Дифтерия, дизентерия және қызылша секілді жұқпалы аурулар жоғары мәнге ие. Біздің елімізде еңбекке қабілетті жастағы халықтың өлім көрсеткіші дамыған елдермен салыстырғанда сәйкес көрсеткіштен 2,5-4 есе асып кетеді, ал өлімнің жалпы көрсеткіші шамамен бірдей.



## БАЛА ӨЛІМІ.

- Бұл 1000 тірі туылғандардың жасқа дейінгі қайтыс болған балалар саны.
- Бала өлімінің көрсеткіші акушер және педиатр қызмет жұмыстарының тиімділігі, медициналық-әлеуметтік көмек деңгейі мен сапасы , халықтың санитарлық әл-ауқатын бағалаудың оперативтік критеріі ретінде қарастырылады.
- Шетінеген балаларды тіркеу перинатальды өлім туралы куәлік және өлім туралы дәрігердің куәлігі негізінде жүзеге асырылады. Бала өлімі көрсеткіштерінің сәйкестендірудің маңызды шарты – «тірі туылған», «өлі туылған»



- Бала өлімі көрсеткіштерін есептеуден өзге (мыңға көбейтілген осы жылғы тірі туылғандар санына жыл ішінде 1 жасқа дейінгі шетінген балалар санының санының қатынасы), Алдыңғы жылы туылғандарды есепке ала отырып дәл есептер жүргізіледі), (мыңға көбейтілген осы жылы  $2/3$  тірі туылғандар және алдыңғы жылы  $1/3$  тірі туылғандар санына өмірінің бір жасына дейінгі жыл ішінде қайтыс болған балалар саны).



## ХАЛЫҚТЫҢ ТАБИҒИ ӨСУІ.

- белгілі бір уақыт аралығында туылғандар ( $N$ ) мен қайтыс болғандардың ( $M$ ) саны арасындағы айырманың абсолюттік шамасы. Егер туылғандардың саны қайтыс болғандардың санынан асатын болса, Халықтың табиғи өсімі оң өсім болмақ. Өлім-жітім өте көп болғанда немесе туу деңгейі өте төмен болғанда өлім-жітім саны туу санынан көп болып, Халықтың табиғи өсімі теріс өсімге айналады. Кейбір аумақтар үшін халықтың жалпы өсімі мен халықтың миграциялық өсімі арасындағы айырма ретінде де есептелуі мүмкін




# ХАЛЫҚТЫҢ ТАБИҒИ ӨСУІ

□ Өлгендер туғандар с.1000

Бір жыл дағы халықтың орта с



# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ПАЙЫЗДЫҚ КӨРСЕТКІШІ (1989-2013 жж.)



- Өте төмен 10-ға дейінгі туылу деңгейін бағалау промиллесіндегі туылудың жалпы коэффициенті
- 10-14,9 төмен
- 15-19,9 орташадан төмен
- 20-24,9 орташа
- 25-29,9 орташадан жоғары
- 30-39,9 жоғары
- 40 және одан да жоғары жоғары болып саналады.



## НЕКЕ, АЖЫРАСУЛАР

- Неке отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты – неке деп түсінуіміз қажет.






- Жыл басынан бері елімізде 33 мыңға жуық жас отбасы шаңырақ құрған екен. Алайда, олардың 11 мыңға жуығы ажырасып тынған.
- Статистика агенттігі таратқан мәліметтерге сай, неке бұзу жөнінен Қарағанды, Алматы мен Шығыс Қазақстан өңірлері көш бастап тұр. Қазақстандағы әрбір үшінші неке бұзылуға бейім. Статистика агенттігінің мұндай қорқынышты көрсеткіштері қоғам арасында құндылық ретінде қалыптасқан отбасы атты әлеуметтік институттың мәнісі жоғалғанын айғақтайды.



# 2011 ЖЫЛҒЫ ЕЛІМІЗДІҢ ҚАЙ АЙМАҒЫНДА АЖЫРАСУ БАСЫМ БОЛҒАН?



### III. ҚОРЫТЫНДЫ

- Демография адам популяциясын оның көлемі мен құрылымына сәйкес, яғни жынысы, жасы, отбасылық жағдайы және этникалық шығу тегі бойынша, сондай-ақ, осы популяцияның туу, өлу және миграция коэффициенттеріндегі өзгеруі тұрғысынан статистикалық зерттеу. <sup>11</sup>
- Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймақтарға қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшу-қону қозғалысына да байланысты. Сондай-ақ халық санының өзгеруі адамдардың жасына, отбасы жағдайына, балалар санына немесе білім деңгейіне, мамандығына, әлеуметтік ахуалына орай бір күйден екінші күйге, бір топтан екінші топқа ауысуына тәуелді. Кең мағынасында алғанда, халықтың ұдайы өзгерісі дегеніміз оның санының, құрамы мен орналасуының табиғи жағдайларға және миграцияның ықпалына қарай өзгеріп отыруы. Отбасының құрылуы, оның дамуы мен күйреуі демографияда дербес мәнге ие. Демографияда халықтың және оның бөліктерінің өзгеруі тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар сапалық тұрғыдан да қарастырылады.



## IV. Пайдалнылған әдебиеттер

- Р.Биғалиева Ш.Исмаилов ҚДС 2009ж
- Дәулетбаев.Д,А Әлназарова А. Әлсейітов Б  
әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды  
басқару
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/Демография>

